

Алакөл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 21 қазандағы "Алакөл ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар мен пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" № 76-1 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Жетісу облысы Алакөл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 8 ақпандағы № 22-2 шешімі. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2024 жылы 9 ақпанда № 128-19 болып тіркелді

Алакөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алакөл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 21 қазандағы "Алакөл ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар мен пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" № 76-1 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 148147 тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген шешімнің 2-тармағындағы "150" саны "800" санымен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алакөл аудандық мәслихат төрағасы

Д. Каримов